

ОҚЫТУШЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТІМЕН ИГЕРЕТІН САБАҚТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ (ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША)

Анасова А.Б.

Қоғамды демократияландыру және білім берудегі реформаларды тереңдету «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамытуда, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байытуға» [1] септігін тигізеді.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер – білім беру жүйесінде, соның ішінде жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихынан білім беруде, жастарды азаматтылық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаңа адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу қажеттілігін жүзеге асыруды талап етеді. Отан тарихын оқытуда студенттердің ойлау қызметін дамыту, олардың біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, өздігінше білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибиесінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ойпікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту – өте маңызды мәселелер болып табылады. Тарихты оқытуда студенттердің белсенділігін, өздігінше атқаратын ой-еңбегін арттыруда – студенттердің өздік жұмысы ерекше орын алады.

Тарихи білімдерді меңгеру үрдісінде студенттердің танымдық қызметін өздігінше дамыту мәселелері көптеген психологтардың, әдіскерлердің және оқытушылардың назарын аударуда.

Сабаққа қатысу, оқытушылар тәжірибесімен танысу, студенттің жауаптарын талдау нәтижесі, озат оқытушылардың студенттердің өздік жұмысының тиімді түрлерін өз тәжірибелерінде кеңінен қолданылатынын, оның басқа түрлерін пайдалануға тырысатынын, студенттердің өздігінше құжаттар, оқулықтар, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу біліктері мен іскерліктерінің қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар, студенттердің ойлау қызметін, кейде өздігінше өрістетуді көздейтін жұмыстарға, іскерліктері

мен біліктерін, шығармашылық қабілеттерін жүйелі түрде дамыту мәселелеріне жеткілікті назар аудармайтынын, тіпті, кейбір студенттерде маңызды іскерліктер қалыптаспағанын да байқадық.

Оқытудың әрбір сатысында білім, білік және іскерліктердің арақатынасының дұрыс болуы, студенттің ақыл-ойының кемелуін анықтайды [2].

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихы курсының арнайы оқу пәні ретіндегі маңыздылығы артып, жоғары мәртебеге ие болды. Қазақстан тарихы курсы Қазақстанның барлық жоғарғы оқу орындарында оқытылып, мемлекеттік емтихан тапсырумен аяқталады. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының білім беру жүйесінде дәріс және семинар сабақтарымен қатар оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттердің өз бетімен игеретін сабақтары да маңызды орын алады. (СОӨЖ). СОӨЖ-ы Қазақстан тарихы пәні бағдарламасы бойынша оқу үрдісіне студенттің үздіксіз қатысуын ескереді.

СОӨЖ-ын комплексті қарастырудың мақсаты оқу үрдіс әдістерінің, оқу, ғылыми және тәрбиелік жұмыстардың сапалы дамуын көздейді. Сонымен бірге, оқып, тыңдап, естігенді дербес және саналы түрде игеру білімді қалыптастырудағы негізгі шарт бола отырып, студенттің пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық әдістерін меңгеруін қамтамасыз етеді.

СОӨЖ-ның пәнді игерудегі комплексті жоспарлануының нәтижелігі бірнеше шарттарға тәуелді, оның ішінде келесі мәселелері аса маңызды рөл атқарады:

– Бағдарлама бойынша әрбір тақырыптың маңызды сұрақтарын ескере отырып СОӨЖ-ның түрі мен нысанын анықтау.

– Үйге берілген өзіндік жұмыс тапсырмасының дәріс және тәжірибелік сабақ тақырыптарымен байланыстылығын көрсету.

– Оқытушының СОӨЖ-на бақылау және басшылық жасау үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану.

СОӨЖ-нің маңызды элементтерінің бірі – кітаппен жұмыс жасау. Кітап мазмұнымен жұмыс жасаудың бірнеше жалпы ескертпелерін қарастырайық. Кітапты, мақаланы немесе басқа ұсынылған әдебиетті оқуды бастамас бұрын, қарастырылып отырған немесе осыған ұқсас тақырып бойынша ертеректеу оқылған немесе дәріс сабақтарында естігенді еске түсірген дұрыс. Себебі ол жаңа материалды игеруді жеңілдетеді. Кітапты (мақала немесе басқа ұсынылған әдебиетті) басынан соңына дейін бір рет оқып шығу оның жалпы мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Оқып отырып тарихи сөздіктермен анықтамалардың көмегі арқылы қажетті ғылыми терминдердің мәнін анықтау қажет. [3, 54] Әдетте, бір рет оқып шыққаннан кейін кітап мазмұнын толық меңгеру қиын. Көп жағдайда, қайталап оқығаннан кейін ғана түсінікті болады. Тарихи әдебиетті оқу барысындағы – негізгі мәселе, негізгі ойды тиянақты таба білу. Негізгі ой табылған соң, ол өзге де дәлелдеме, тұжырымдамаларымен салыстырады. Бұл ой еңбегімен айналысушының кітап мәтінімен жұмыс жасаудағы жеңілдетілген түрлерінің бірі. Әсіресе, бұл бірінші курс студенттері үшін өте қажет.

Оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттердің өз бетімен игеретін жұмыстарының нәтижелі түрлерінің бірі оқылғанды жазып отыру болып табылады. Ол тақырып мазмұнына тереңдей еніп игеруге, қайталап бекітуге жағдай жасайды. Білімнің меңгерілу деңгейін тексерудің бір жолы – оқылған материалдар бойынша маңызды сұрақтар тізімін жасап жоспар құру. Нақты және айқын жасалған сұрақтар жоспары қосымша сұрақтардан ерекше болу керек. Бірақ, жоспар бойынша сұрақтар қойылады, ал, жауап берілмейді. Демек, оқылған материалдарды тезис (негізгі ойды қысқаша) түрінде жазып отыру қажет. Оқып шыққан әдебиет бойынша жазба жұмысының ыңғайлы түрі – конспектілеу.

Негізгі ойды конспектілеу барысында нақты, әрі қысқаша баяндауға үйрену үшін, келесі талаптарды есте сақтау қажет:

1. Оқылған материалдағы негізгі ойды бөліп алу.

2. Автордың ойын тұжырымдап өз сөзімен айту, ал растау үшін беттерін көрсе-

те отырып цитаталар (кітап мәтініндегі автор сөзі) келтіру керек. Цитата жасау барысында автор сөзін абсолютті дәлділікпен беру міндетті түрде сақталуы тиіс.

Конспектілеу бойынша келесі нұсқаларды беруге болады: екі бет дәптер парағы төрт нысанға бөлінеді: жоспар, тезистер, қосымшалар және нақты материалдар. Бұл конспекті оқылатын кітап жоспарының сұрақтарынан тұрады (бірінші нысаны), сұрақтарға қысқаша жауаптар, автордың негізгі ойларының қысқаша бөлігі (екінші нысан), дәлелдемелер, автордың ой жүгіртулері (үшінші нысан), фактілер, үлгілер, схемалар (төртінші нысаны).

Сонымен, конспектілеу – күрделі де қажырлы еңбекті қажет ететін үрдіс. Оның СОӨЖ-дағы мәні өте зор. Ол тану үрдісін тездетеді, қисынды ойлау жүйесін, есте сақтаудың барлық түрлерін, маңызды мәселеге назар аудару жұмысын дамытады.

СОӨЖ-нің құрамдас бөлігі болатын қазіргі білім беру үрдісі, оқытушы тарапынан бақылауды жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Студенттерге білім тексерудің түрлері мен әдістерін үнемі түрлендіру өте маңызды. Мысалы: дидактикалық белгілермен білімді тексеру: алдын ала ағымдық, үнемі және қортындылау болып бөлінеді. Студенттердің білімі мен дербес жұмыс жасаудағы дағдысын бақылау, жоғарыда көрсетілген тексеру түрлері арқылы іске асады.

СОӨЖ-ы бойынша бақылаудың келесі түрлері: сұрақ-жауап, тестілеу, баяндама, реферат жазу, хабарлама жасау, бақылау жұмысы, кестелер құрастыру, тарихи сөзжұмбақтар шешу, пікірталас және баспасөз-конференциялар ұйымдастыру т.б. Студенттің өзіндік жұмысын бақылау екі жолмен ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Бұлар пәнді игерудің қолайлы және тиімді әдістері болып табылады.

Студенттер білімін тексерудің негізгі түрлерінің бірі, сұрақ жауап, сонымен қатар жазбаша жұмыс болып табылады. Сұрақ-жауап – оқытушының аудиториямен жұмыс жасауы барысындағы барлық элементтермен байланысты. СОӨЖ бойынша сұрақ-жауап, бақылаудың ең жеңілдетілген түрі деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Сұрақ-

жауап өткізу үшін өте жақсы дайындық қажет. Сұрақтар құрастыру өте маңызды іс болып табылады, себебі құрастырудағы түсініксіз сұрақтар студенттерге дұрыс бағыт бермей, шатастыруы мүмкін. Сұрақ-жауаптың түрлері де, қызметі де әр түрлі:

1. Сұрақ-жауап – бақылау түрі. Студент білімін тексерудегі бақылаудың бұл түрі студентке сұрақтар қойылу арқылы жүзеге асады.

2. Сұрақ-жауап – білімді бекітуші рөлді атқарады. Студент оқытушы қойған сұрақтарға жауап бере отырып, жаңаша көзқараспен, бөлшектеп қарасырылған материалды ойда бекітеді.

3. Сұрақ-жауап – курс бойынша бөлімдерді қайталау қызметін атқарады.

4. Сұрақ-жауап – курс бойынша оқылған материалды талқылаушы, сараптаушы.

Сұрақ-жауаптың оқу үрдісіндегі тәрбиелік мәні де зор. Сұрақ-жауап өткізілгеннен кейін, міндетті түрде оқытушы студенттің жауабына талдау жасап, бағалап, ұтымды тұстарымен кемшіліктерін айтып өтуі керек. Сұрақ-жауаптың жалғасы ретінде тарихи картаны қолдануға болады.

Жоғарғы оқу орындарындағы студенттерді пән бойынша дайындауда қойылатын негізгі талап: студенттердің тарихи картаны меңгеруі және игерілген материалды тайпалар мен халықтардың, мемлекеттердің саяси және экономикалық дамуының сипаттамасын қолдана білуін қамтамасыз ету. Отандық білім беру әдістемесінде картаны тарих пәні бойынша білім алу көзі ретінде, тарихты оқытудың бір жолы ретінде қолдану ешбір шүбә келтірмейді. Қазақстан тарихы оқулықтарындағы картографиялық материалдар қазіргі адамның ортадағы бейнесін көрсете келіп, құндылық жүйелеріне үлкен әсер бере отырып, қоршаған ортадағы өз орнын табуына өзінің бір мемлекетке немесе сол елдің тарихына қатыстылығын аңғаруына септігін тигізеді.

«Мәселен, «Қазақстан территориясындағы ерте темір дәуірінің ескерткіштері», «Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтардың орналасуы» карталарын қолдана отырып, студент білімін келесі сұрақтар бойынша тексеруге болады:

1. Сақ тайпаларының орналасу территориясын көрсетіңіз.

2. Картадағы үйсін тайпаларының мекендеген территориясы.

3. Қаңлы тайпалары қай территорияны мекендеген? Картадан көрсетіңіз.

4. Ғұн тайпалары туралы айтып беріңіз: олар қайда пайда болды, олардың мемлекеттері қай жерлерде орналасты?

Тарихи картамен жұмыс жасату, СОӨЖ бойынша бақылаудың бір түрі бола отырып, тек Қазақстан тарихы бойынша білімді бекітіп қана қоймай, студенттер арасында әлеуметтік – мәдени орталық туралы түсінік және ұлтжандылықтың қалыптасуына әсер етеді. Мәселен, «Қазақстан территориясында тайпалық одақтар мен ежелгі мемлекеттер (б.д.д VIII-б.д.VI)» тақырыбы бойынша студенттер білімін тексеретін қорытындылау бөлімде тарихи диктант жүргізуге болады. Мәтін бойынша студенттер қарастырып отырған тарихи кезеңді сипаттайтын үзінділер беріледі. Тарихи диктант жазылған мәтінді сараптап қабылдауды, оқылғанды қайта қарастырып, үзінділердің есте сақталуын қамтамасыз етеді. Тарихи диктант бойынша тапсырма беру келесі білім деңгейін тексеруге ықпал жасайды. Олар:

– білуге міндеттінің ең төменгі көрсеткішін қамтитын мәтіндегі терминдерді, түсініктемелерді, фактілерді, оқиғаларды немесе басқа да нысандарды меңгеруге;

– зерттелген материал бойынша мәтінде қолданылған ғылыми және тарихи терминдерді түсінуге;

– тақырып бойынша мәтінде жіберілген қателерді таба білуге.

Қазақстан тарихы бойынша жекелеген тақырыптарды қарастыра отырып, барлық студенттерді қамту мақсатында бақылау жұмысына баса назар аудару керек. Бақылау жұмыстары уақыт жағынан қысқа (15-20 минут) және екі академиялық сағатқа арналған ауызша немесе жазбаша түрі болады. Орындалған жұмысты бірінші оқытушы тексереді. Кейде студенттердің өзіне рецензия жасауға беріледі. Олар дәріс конспектісі бойынша ұсынылып отырған сұрақтың мазмұнын оқулықтар мен ұсынылған әдебиеттерге сүйене отырып қарастырады. СОӨЖ-ге берілген арнайы уақыт ішінде өздерінің сын

– пікірлерін білдіреді. Бақылау жұмысы оқытушыға дәріс, семинар сабақтары кезінде студенттермен жұмыс нәтижесінің деңгейін байқауға мүмкіншілік береді. Ұсынылған жұмыс түрі студенттердің өзіндік дайындық деңгейін көрсетеді.

Студенттердің білімін бақылауды, тарихи сөзжұмбақтарды шешу жолымен де іске асыруға болады. Сөзжұмбақтарды студенттердің өздері құрастырады. Бұл олқылықтарды жойып, жаңа тарихи терминдер мен түсініктемелерді игеруді тездетеді. Тарихи түсініктемелерді қалыптастыру процесінде салыстыру, шолу, жіктеу мен синтез жасау сияқты ойлау операциясы алдыңғы қатарлы рөл атқарады. Студенттер тарихи түсініктемелерді міндетті түрде қолдануы тиіс.

Сөзжұмбақтарды құрау барысында сұрақтардың дұрыс қойылуына басты назар аударылады, бұл сұрақтар ықшамды болып әрі пәннің мәнін көрсетуі керек. Орташа сөз жұмбақ 12-15 терминнен тұрады, оның шешімін табу үшін 12-15 минут уақыт беріледі. Бақылаудың бұл түрі студенттің өз білімін, қосымша деректерді қолдана отырып, дұрыс жауапты белсенді түрде іздестіру іс-әрекетін туындатады. Бұл өткен материалдарды қайталауға, талдап қорытындылауға мүмкіндік береді, яғни:

Біріншіден: студенттер тарихи материалдарды мағыналы және сапалы түрде меңгереді;

Екіншіден: өз бетімен шығармашылық жұмыс жасау шеберлігін арттырады;

Үшіншіден: ғылыми-тарихи әдебиеттермен жүйелі түрде жұмыс жасауға ықпал жасайды.

СОӨЖ-ын бақылауға алу барысында кестелер мен схемалар әр түрлі мақсатта, яғни білімнің негізгі қайнар көзі; көру тірегі; әңгімені көркемдеу, мазмұндау түрінде қолданылады. Кестелер кең көлемді түсінік тудыруға, шығармашылық қиялды дамытуға, оқиғалар арасындағы байланыстарды іздестіруге мүмкіндік береді.

Баяндама мен рефераттар жазу – СОӨЖ-ның маңызды түрі. Баяндама-белгілі бір сұрақты (анықталып алынған тақырып бойынша) шығармашылықпен кеңейтіп және тереңдетіп қарастыру. Оқытушының кө-

мегімен студент баяндама жазудың тәжірибесі мен әдістерін игере отырып, келесі мәселелерге көңіл бөлуі тиіс: тақырыпты дұрыс таңдауға, тақырыптың жоспарын құруға, материалдарды жинақтап өңдеуге, баяндаманы талапқа сай көркемдеуге. Баяндама нақты дәлелденген, жоғарғы ғылыми-тәжірибелік деңгейде дайындалуы қажет.

Реферат сөзінің мағынасы «баяндама» сөзімен сабақтасып тұрады. Реферат студенттің ең жоғарғы шығармашылық жұмысы болып саналады. Оған дайындалуда берілген мәселе бойынша ғылыми-тәжірибелік және әдістемелік терең білім керек, сонымен бірге негізді түрде талдай білу өте қажет. Студенттерге реферат жазу үшін Қазақстан тарихының өзекті мәселелері беріледі. Оқытушының кеңесімен студент әдебиеттермен танысып, библиография негіздерін игеріп, әртүрлі цитаталарды өзінің зерттеу жұмысына орынды пайдалануға үйренеді.

Педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибесі күннен-күнге оқу үрдісінде тестілеуді кең түрде енгізуді қолға алуда. Тестілеу-бұл білім жүйесіндегі тапсырма берудің ерекше түрі, ол студенттердің білім деңгейін дұрыс та әділ бағалау немесе жалпы білім сапасының негізгі көрсеткішін айқындаушы болып табылады. Бұл көрсеткіш білім жүйесі үшін де, студенттер үшін де өте маңызды. Тестілеудің ұтымды жері ол оқытушылар мен студенттердің ойлау мәдениетін арттыру және білімін нақтылау болып саналады.

Сонымен, қорытындылай келе, қазіргі заманғы оқыту оқытушы студентті тарихи фактілерді оқып талдай білуге, өз бетімен қорытындысын жасай білуге үйретеді. Студенттер оқытушы түсіндірген материалды әр түрлі өзіндік жұмыстарды орындағанда естерінде жақсы сақтай алатындығын тәжірибе көрсетіп отыр.

Шәкіртті өз бетімен оқуға, білім қазынасын дербес ізденуге дағдыландыру оқытушы үшін үлкен жетістік. Сапалы білім үшін күрес жүргізіп жатқан бүгінгі кезеңде оқу тәрбие саласындағы жұмыстың ең маңыздысы да осы деп қарауға тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». – Астана, 2000.

2 Самарин Ю.А. Очерки психологии ума. – М., 1962. – С. 353-354.

3 Әбдіғұлова Б. Қосымша материалдарды тиімді пайдалану // «Қазақ тарихы». – №5. – 53-54 б.

Резюме

В данной статье автор описывает формы и методы проведения СРСП на занятиях по истории Казахстана.

Conclusion

In this article the author describes some forms and methods of work at the lessons IWST on History of Kazakhstan.

МЕСТНОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ ВЛАСТИ КАК ГАРАНТ СТАБИЛЬНОСТИ И ПРОЦВЕТЕНИЯ ГОСУДАРСТВА

Джұлдыбаева Г.Ж., Петухова Ю.В.

В Республике Казахстан сегодня актуально стоит вопрос об эффективном функционировании институтов государственной власти, в том числе о совершенствовании организации деятельности представительных и исполнительных органов на местах, расширении их полномочий, модернизации государственного управления, способного обеспечивать согласно современным потребностям исполнение и реализацию интересов общества. В настоящее время ведется поиск оптимальной модели реформирования местных органов власти, на стадии становления и развития находится процесс формирования политико-правовых и экономических основ децентрализации. Необходимость осуществления политико-административных и конституционных реформ, отвечающих требованиям современной концепции развития местной государственной власти в контексте вхождения в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных государств мира, обозначил Президент РК Н.А. Назарбаев в качестве одного из важнейших приоритетов развития Казахстана: «Уже в ближайшее время политическая система Казахстана испытает серьезные новации, связанные с повышением роли и полномочий представительной ветви власти. Это касается как деятельности Парламента, так и работы маслихатов. Это большая и ответственная работа. Законы должны быть тщательно рассмотрены через призму устойчивости государства, главная ценность которого – стабильность и благосостояние народа. Демократические процессы в Казахстане должны ориентироваться на собственный

путь развития с учетом особенностей страны и менталитета граждан, но каждый шаг в выбранном направлении нужно тщательно выверять. Ведь речь идет о судьбах граждан и о судьбах Родины. Здесь любая ошибка может стоить очень и очень дорого» [1]. Как показывает мировой опыт, реформы в этой сфере только тогда бывают успешными, когда в них принимают участие самые широкие слои населения, при этом одним из базовых условий устойчивого развития, эффективности государственного управления является политическая модернизация.

В современных условиях большая часть политических и социально-экономических проблем, которые необходимо решать с участием государства и общества, фокусируются в системе местных органов государственной власти. Поэтому дальнейшие перспективы политической модернизации в Республике Казахстан, формирование в стране гражданского общества напрямую связаны с решением проблем и противоречий в системе местных органов власти. Осознание значения и роли местных представительных органов власти как основ местного самоуправления, формирование и принятие гражданами либеральных и демократических ценностей и принципов, их активная социальная и экономическая позиция позволят выявить механизм обеспечения жизнедеятельности и стабильности общества. Для современного Казахстана необходимым является изучение и рациональное исследование практического опыта развитых стран, имеющих богатые и глубокие традиции в сфере гражданского общества и местного